

Мүшелерінің жалпы жиналысы
"Алматылық Транзактілік Анализ Ассоциациясы" ҚБ
2018 жылғы «12» желтоқсан Хаттамасымен
Бекітілген

" Алматылық Транзактілік Анализ Ассоциациясы "
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2018 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «Алматылық Транзактілік Анализ Ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі кейіннен Бірлестік деп аталынады. Бірлестік коммерциялық емес ұйым болып табылады.
- 1.2 Бірлестіктің ресми толық атауы:
мемлекеттік тілде: «Алматылық Транзактілік Анализ Ассоциациясы» Қоғамдық бірлестігі;
орыс тілінде: Общественное объединение "Алматинская Ассоциация Транзактного Анализа";
- 1.3 Бірлестіктің қысқартылған атауы: мемлекеттік тілде – «АлмТАА» ҚБ, орыс тілінде – ОО «АлМАТА».
- 1.4 Бірлестіктің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050039, Алматы қ., Медеу ауданы, Луганск көшесі, 1 (бір) үй, пәтер 181 (бір жүз сексен бір).
- 1.5 Бірлестік өз іс-әрекетін Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Азаматтық Кодексімен, «Коммерциялық емес мекемелер жөніндегі», ҚР Заңымен «Қоғамдық қауымдастық жөніндегі» ҚР Заңдарымен және басқа да Қазақстан республикасында күшіне енген заңнамаларына, халықаралық құқық нормаларына сәйкес ҚР қабылданған нағыз Уставтар негізінде жүзеге асырылады.
- 1.6 Бірлестік заңды тұлға болып танылады, азаматтық айналыста Бірлестіктің органдары ретінде танылады, оның оқшауланған мүлігі, дербес баланасы, есептік шоты бар, өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болады және міндеттемелерді өзіне жүктейді, сотта талапкер және жауапкер ретінде әрекет етеді.
- 1.7 Бірлестік өзінің міндеттемелері бойынша Заңнамаға сәйкес өндіріп алынатын жеке қорларына және мүліктеріне жауап береді.
- 1.8 Бірлестік Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және шетел валютасында банктерде банктік шоттар ашуға құқылы. Бірлестіктің өзінің қызметін жүзеге асыруға қажетті атрибуттары, мөрі, мөртабаны және өзінің атауымен фирмалық бланкілері бар. Сонымен қатар Бірлестік өзге де белгілерге ие бола алады.
- 1.9 Бірлестік шектеусіз әрекет етеді.
- 1.10 ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы», 31.05.1996ж. заңының 7-ші бабына сәкес Бірлестік жергілікті қоғамдық бірлестікке жатады.
- 1.11 ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы», 31.05.1996ж. заңының 7-ші бабына сәкес Бірлестік өз қызметін тек Алматы қаласының аумағында іске асырады.
- 1.12 Бірлестік:
1) өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие болуға және міндеттемелерді өзіне жүктеуге, сотта талапкер және жауапкер ретінде әрекет етуге;
2) қоғамдық бірлестіктердің және одақтардың мүшелері ретінде қатысуға және болуға;
3) ұлттық, халықаралық коммерциялық емес ұйымдарға кіруге, тікелей халықаралық қатынастар мен байланыстарды қолдауға;
4) филиалдар мен өкілдіктер құруға. Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктері оқшауланған заңды тұлғалар болып табылмайды және Бірлестіктің мүлігін иеленеді, Бастамашы-азаматтардың Құрылтайшылық жиналысымен бекітілген оның ережелері негізінде әрекет етеді; және;
5) заңнамамен тыйым салынбаған өзге өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.
- 1.13 Бірлестік:
1) заңнаманы сақтауға;
2) заңнамамен бекітілген тәртіпте салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
3) өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлігі шегінде жауапкершілікті көтеруге; және
4) өзінің Құрылтайшыларына Бірлестіктің қызметіне қатысты құжаттарды және шешімдерді ұсынуға міндетті.
- 1.14 Әйтпесе қолданыстағы заңмен тыйым егер Біріккен Халықаралық қызметі Қазақстан және халықаралық құқықтың, заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. БІРЛЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ПӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

- 2.1. Бірлестік қызметінің негізгі пәні болып келесі бағыттар табылады:
- транзактілік анализді (кейіннен ТА) қолдануға негізделген психология саласындағы ғалымдар мен мамандарды өзекті ғылыми және практикалық сұрақтарды шешуге тарту;
 - ТА әдісін қолданып жұмыс істеп жүрген психолог мамандардың кәсіби және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге ықпал жасау;
- 2.2 Бірлестіктің негізгі мақсаттары:
- өздерінің алдына ТА қолданудың тәжірибесін зерттеу мен жалпылау мақсатын қоятын психолог мамандарды, әлеуметтік және медициналық мамандарды, мұғалімдер мен ұстаздарды, сондай-ақ өзге де мамандар иесін біріктіру;
 - халықтың арасында ТА-дің теориясы мен тәжірибесіне қатысты білім мен ақпаратты тарату.
 - мамандарды ТА теориясы және практикасымен қатар қазіргі психологияның өзге де бағыттарымен таныстырылуына ықпал жасау;
 - ұқсас мақсаттары мен міндеттері бар өзге де Ресейлік және шетелдік ұйымдармен әріптестікті дамытуға ықпал жасау;
 - Қазақстан Республикасында ТА мамандарының кәсіби құзіреттілігінің халықаралық нормаларының танылуына ықпал жасау;
 - Бірлестік мүшелеріне кеңес берушілік, ақпараттық, ұйымдастырушылық және өзге де көмек түрлерін көрсету;
 - Қазақстанның қалаларына ресейлік және өзге де шетелдік мамандарды шақыру, сондай-ақ Бірлестік мүшелерінің шетелге кәсіби біліктілігін көтеру және тиісті емтихандарын тапсыру мақсатында баруларына ықпал жасау;
 - ТА теориясы мен практикасы саласында ғылыми зерттеулердің іске асуына ықпал жасау;
 - ТА және қазіргі психологияның өзге де бағыттарында кездесулерді, лекцияларды, семинарларды, курстарды және конференцияларды ұйымдастыру;
 - мамандандырылған көрмелерді, симпозиумдар мен конгресстерді, мәдени және қоғамдық шараларды ұйымдастыру;
 - баспалық қызметтерді іске асыру;
 - ТА саласындағы әр алуан қатысушылар арасында ақпарат алмасуды, байланыстарды орнықтыруды және әріптестікті дамытуға байланысты қызметтерді көрсету, БАҚ өзара әрекет ету;
 - Бірлестік жөнінде жақсы қоғамдық пікірді қалыптастыру, мемлекеттік билік органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен мазмұнды өзара әрекет етуді іске асыру;
 - Бірлестік мүддесі үшін белсенді жарнамалық және редакциялық-баспалық қызметтерді іске асыру;
 - ақпараттық- анықтамалық порталдар мен БАҚ-ын Бірлестіктің ақпараттық тетігі ретінде пайдалану, Бірлестіктің веб-сайтын жасау және қолдау;
 - Қазақстанда психологтардың өркениетті қауымдастығының қалыптасуына және кемелденуіне ықпал ететін ақпараттық, кеңес берушілік, білім беру және ағартушылық қызметтерді іске асыру.
- 2.3 Бірлестік өзінің жарғылық қызметтерін дербес іске асырады, оның нәтижесі және мойнына алған міндеттемелер үшін әрекет етуші заңнамаға сәйкес жауап береді.
- 2.4 Кәсіпкерлік қызметтердің міндеттерін орындау үшін Бірлестік өзінің Уставтық мақсаттарына сәйкес міндеттерді жүзеге асыруы мүмкін. Бірлестік кәсіпкерлік қызметін заңнамаға сәйкес іске асыруы тиіс.
- 2.5 Бірлестік мақсаттарына жету үшін міндеттерді іске асыру барысында ҚР және шет елдік осы саламен айналысатын заңды тұлғалармен қарым-қатынастарды орната және қолдай алады.

3. БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІК, БІРЛЕСТІК МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1 18 жасқа толған, Бірлестіктің негізгі мақсаттары мен міндеттерін қолдайтын және Бірлестік қызметінің дамуы мен атын асқақтатуға дайын азаматтар Бірлестік мүшелері бола алады.

Бірлестікке қатысу ерікті түрде, Бірлестік мүшелерінің мақсаты пайда табуға және өзге де материалдық игіліктерді алуға бағытталмауы тиіс. Мүшелік жарнаның мөлшері Бірлестік Мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі. Егер Бірлестік мүшесі Бірлестіктің мақсаттарын қолдамаса немесе оның жұмысына кедергі келтірсе, ол мүшеліктен айырылады. Бірлестік Мүшелігінен Бірлестік мүшелердің жалпы жиналысы айыра алады. Бірлестік мүшелігіне кіру және айырылу процесі Бірлестікі мүшесіне кіру туралы Ережемен анықталады.

- 3.2 Бірлестіктің әрбір мүшесі келесі құқықтарға ие болады:
- 1) Заңнамамен, Бірлестіктің Жарғысымен және ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте Бірлестіктің істерін басқаруға қатысу;
 - 2) Бірлестіктің қызметі туралы ақпаратты алу;
 - 3) Бірлестікпен ұйымдастырылатын барлық шараларға қатысу.
- 3.3 Бірлестіктің әрбір мүшесі:
- 1) Осы Жарғының және Бірлестіктің басқа ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға; және
 - 2) Бірлестікке өзінің мақсаттарын іске асыруға ықпал етуге міндетті.

4. БІРЛЕСТІК МҮЛІГІ

4.1 Бірлестіктің мүлігі және қорлары келесілердің есебінен құрылады:

- 1) құрылтайшылардың (мүшелердің) салымдарынан;
 - 2) қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалардың ерікті ақшалай және өзге жарналарынан, қайырымдылықтарынан, соның ішінде Бірлестіктің нақты бағдарламаларын іске асыруға бағытталған мақсатты тағайындауларынан;
 - 3) Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын шаруашылық қызметтен түскен түсімдерден;
 - 4) Бірлестік ұйымдастырған қайырымдылық шаралардың нәтижесінде алған құралдардан;
 - 5) өзге заңды қайнар көздерден.
- 4.2 Бірлестік жарғылық мәселелерді орындау үшін оның Құрылтайшыларымен, өзге азаматтармен және заңды тұлғалармен берілген мүліктердің, сонымен қатар шаруашылық қызметтен түскен кірісті қоса алғанда, жеке қорлары есебінен онымен құрылған немесе сатып алынған мүліктердің меншік иесі болып табылады.
- 4.3 Бірлестіктің меншігінде ғимараттар, құрылыстар, тұрғын-үй қоры, жабдықтар, құрал-саймандар, мәдени-ағарту және сауықтыру мақсаттағы мүліктер, ақша қорлары, акциялар және басқа бағалы қағаздар, сонымен қатар осы жарғымен қарастырылған қызметті қамтамасыз етуге қажетті өзге мүліктер бар.
- 4.4 Бірлестіктің мүлігі және ақша қорлары Бірлестіктің дербес балансында болады және ағымдағы есептік шотта есепте тұрады. Қажет жағдайда Бірлестік жеке және/немесе заңды тұлғалардан ерікті қайырымдылық ретінде түсетін немесе Қордың нақты бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға қажетті ақша қорларын (соның ішінде валюталық) есептеу үшін арнайы ағымдағы және қосалқы шотты қосымша ашады.
- 4.5 Бірлестік Заңнамаға сәйкес өндіріп алу шаралары қолданылатын өзінің мүліктеріне және қорларына өзінің міндеттемелері шегінде толық мүліктік жауап береді.
- 4.6 Бірлестік өз қызметін асыру үшін тұрғын емес үй-жайды және өзге де мүлікті жалдауға құқылы.
- 4.7 Бірлестіктің Құрылтайшылары Бірлестіктің мүліктеріне қатысты мүліктік құқықтарға ие бола алмайды.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- 5.1 Бірлестік жарғылық қызметін жүзеге асыру қаржы ресурстарын жинау және материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында:

- 1) шаруашылық қызметін жүргізуге, шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасауға, Заңнамамен тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасауға және кірістер алуға;
 - 2) олардың жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға қажетті заңды тұлғалар құқығымен кәсіпорындар және ұйымдар құруға;
 - 3) міндетті мемлекеттік лицензияға тиесілі қызметті жүзеге асыру үшін Бірлестік заңмен белгіленген тәртіпте рұқсат (лицензия) алуға құқылы.
- 5.2 Бірлестіктің кірістері, сонымен қатар Бірлестіктің ұйымдардан және азаматтардан алған ақша қаражаттары, соның ішінде валюталық қорлар, жылжымайтын мүліктер, жабдықтар, мүліктер және басқа материалдық құндылықтар Бірлестіктің Құрылтайшылары, Бірлестік қызметкерлері, олардың жанұялары арасында бөлінбейді және жеке тұлғалардың немесе шектелуі тұлғалар тобының мүдделері үшін пайдаланылмайды.
- 5.3 Жарғының 5.2 тармағында көрсетілген Бірлестіктің кірістері мен ақша қаражаттары жарғылық қызметті және өзге қайырымдылық қызметті, Бірлестікпен немесе Бірлестіктің қатысуымен әлеуметтік бағдарламаларды және жобаларды іске асыру үшін қолданылады.

6. БІРЛЕСТІКТІ БАСҚАРУ

- 6.1. Бірлестік келесідей басқарудың ұйымдастырушылық құрылымға ие:
- 1) Бірлестікті басқарудың жоғарғы органы– Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысы
 - 2) Бірлестіктің атқарушы органы – **Президент**; және
 - 3) Бақылаушы органы – **Тексеру комиссиясы**.
- 6.2 Бастамашы-азаматтардың Құрылтайшылық жиналысы өзге органдарды құруға құқылы, осыған байланысты тиісті өзгерістер мен толықтырулар Бірлестіктің Жарғысына енгізіледі.

7. Мүшелерінің жалпы жиналысы

- 7.1 Бірлестіктің жоғарғы басқару органы Бірлестік Мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады.
- 7.2 Мүшелерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер кіреді:
- 1) Бірлестіктің Жарғысына немесе олардың жаңа редакциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 2) Заңнамамен қарастырылған тәртіпте Бірлестікті ерікті тарату немесе қайта құру туралы шешімді бекіту;
 - 3) Бірлестіктің басқару органдарының құзыреттерін, ұйымдастыру құрылымын анықтау және өкілеттіктерін белгілеу және тоқтату;
 - 4) Құрылтайшылардан немесе өзге де жеке және заңды тұлғалардан Бірлестікке қосымша салымдар бойынша шешімдерді бекіту;
 - 5) Басқа заңды тұлғалардың қызметіне Бірлестіктің қатысуы туралы шешімдерді бекіту және Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктерін ашу;
 - 6) атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсыну тәртібін және кезектілігін бекіту, сонымен қатар бақылаулы органмен тексеру тәртібін және олардың нәтижелерін бекіту;
 - 7) Бірлестіктің ағымдағы қызметінің қаржыландырылуы сұрақтарын шешу;
 - 8) Бірлестік Президентінің жылдық есептерін бекіту;
 - 9) Кез келген сот немесе арбитраждық істерін қозғау немесе реттеу бойынша шешімдер қабылдау;
 - 10) Бірлестіктің шығыстар сметасын бекіту;
 - 11) Бірлестіктің Тексеру комиссиясының құрамы мен есептерін бекіту;
 - 12) Штаттық кестені, бекітеді, еңбекке ақыны төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақылардың мөлшерін бекітеді;
 - 13) Бірлестік қызметінің тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарын бекітеді;
 - 14) Бірлестіктің мүшелік жарналарының мөлшерін анықтайды.

- 7.3 Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналыстарының шешімдері Бірлестік мүшелерінің барлығы үшін міндетті болып табылады.
- 7.4 Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысының отырысы Құрылтайшылар құрамының 2/3 (үштен екі) бөлігі қатысқан жағдайда, шешім қабылдауға құқылы болып саналады. Шешімдер Бірлестік мүшелерінің жиналысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

8. БІРЛЕСТІКТІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

- 8.1 Бірлестіктің атқарушы органы Президент болып табылады.
- 8.2 Президенттің міндеттеріне және өкілеттіктеріне Бірлестіктің күнделікті қызметін және операцияларын басқару кіреді.
- 8.3 Бірлестік Мүшелерінің Президенті жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі және тағайындалады үш жыл мерзімге.
- 8.4 Президент Бірлестік Мүшелерінің жалпы жиналысының шешімдеріне, осы Жарғыға сәйкес және солардың негізінде әрекет етеді.
- 8.5 Бірлестік Президентінің қызметі міндетіне жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне кіретін мәселелерден басқа мынандай келесі мәселелерді қамтиды:
- (1) Бірлестік қызметінің ағымдағы басқарылуын жүзеге асыру;
 - (2) бекітілген шығыстар сметасына сәйкес Бірлестік қаражаттарына билік ету;
 - (3) өзінің өкілеттіктері шегінде сенімхаттар, соның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығымен Бірлестіктің мүдделерін үшінші тұлғалар қатысында ұсыну құқығына сенімхаттар беру;
 - (4) Бірлестіктің атынан сенімхатсыз әрекет ету және оны барлық мекемелерге, кәсіпорындарға және ұйымдарға, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі үшінші тұлғалар алдында өкілдік ету;
 - (5) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Бірлестіктің банктік шоттарын ашу және жабу;
 - (6) Бірлестік атынан дербес мәмілелер жасасу, бұйрықтар мен өкімдер шығару;
 - (7) Жылдық есептерді, жылдық бюджетті Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысында бекітуге ұсыну;
 - (8) Бірлестіктің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтасу;
 - (9) Бірлестік қызметкерлерін жалдау және жұмыстан босату мәселелері бойынша шешім қабылдау, қызметкерлерге қатысты көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдау; және
 - (10) Бірлестік қызметін басқару үшін қажетті өзге де әрекеттерді іске асыру.
- 8.6 Президентке осы Жарғыда қарастырылған жағдайлардан басқа, үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүдделері үшін әрекет етуге тыйым салынады.
- 8.7 Президент осы Жарғының және заңнаманың талаптарын сақтамағаны үшін жауап береді.
- 8.8 Президентті қызметтен босату Жарғыға сәйкес бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады.
- 8.9 Президент өз міндеттерін орындамаған жағдайда бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен мерзімінен бұрын қайта тағайындалуы мүмкін.

9. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 9.1 Осы Жарғының 7.2 тармағының 1-ші тармақшасына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды бекіту бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысының ерекше құзіретілігіне жатады. Шешім Бірлестік құрылтайшылығының бірыңғай қолдауымен қабылданады және бірлестік мүшелері жалпы жиналысының Хаттамасымен рәсімделеді.
- 9.2 Бірлестіктің Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады және құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістерді әділет органдарында тіркеушілік рәсімдерді өткеннен кейін ғана заңды күшіне ие болады.

10. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР

- 10.1 7-бап "қоғамдық бірлестіктердің Мәртебесі", 17-құжат "мемлекеттік мекемесін Қайта ұйымдастыру және тарату қоғамдық бірлестіктер" Заңын, ҚР "қоғамдық бірлестіктер Туралы", шегінде Алматы қаласы.
- 10.2 Бірлестігінің Филиалы болып табылады коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі орналасқан, оның тұрған жерінен тыс шегінде Алматы қаласының жүзеге асыратын барлық немесе бір бөлігі оның функциялары, соның ішінде өкілдік қызметін атқаратын.
- 10.3 Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның мүдделерін қорғау мен өкілдігін жүзеге асыратын оқшау бөлімшесі Бірлестік өкілдігі болып табылады.
- 10.4 Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болмайды. Бұларға өздерін құрған коммерциялық емес заңды тұлғаның мүлкі беріледі және оның бекіткен ережелері негізінде жұмыс істейді.
- 10.5 Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары Бірлестіктің өкілетті органымен тағайындалады және сенімхат негізінде әрекет етеді.
- 10.6 Филиал мен өкілдік Бірлестік атынан әрекет етеді. Филиал мен өкілдік қызметі үшін жауапкершілікті Бірлестік өзі алады.
- 10.7 Есептік тіркеуден, қайта тіркеуден өту тәртібі мен мерзімдері заңды тұлғаларды тіркеу заңнамасымен реттеледі. Жарғыда көзделмеген сұрақтар әрекет етуші заңнамамен реттеледі.

11. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

- 11.1 Тексеру комиссиясы жыл сайын Бірлестік Мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен тағайындалады және ол үш адамнан кем болмауы шарт, Бірлестіктің шоттары мен бухгалтерлік кітаптарын үздіксіз тексеру кем дегенде үш айда бір рет іске асырылуы қажет.
- 11.2 Тексеру комиссиясы Президенттен бухгалтерден барлық қажетті материалдарды, бухгалтерлік құжаттарды және өзге де қаржылық-шаруашылық құжаттарды талап етуге құқылы.

12. ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12. 1 Бірлестікті қайта құру келесі жағдайларды ескеріп, қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу немесе қайта түрлену арқылы жүзеге асырылады:
- (1) Бірлестік бірігу, қосылу немесе қайта түрлену арқылы қайта құрылған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес жаңа заңды тұлғаларына өтеді;
 - (2) Бірлестікті бөлген кезде, оның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес қайта құрылған заңды тұлғаға өтеді; және;
 - (3) Бірлестіктен бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөлінген жағдайда, олардың әрқайсысына құқықтар мен міндеттер бөлу балансына сәйкес өтеді.
12. 2 Барлық қайта құруға қатысты өткізу актісі және бөлігіш баланстық есеп Бірлестік Мүшелерінің жалпы жиналысымен бекітіледі, тараптармен дауласатын міндеттемелерді қоса алғанда, барлық кредиторлар мен дебиторлардың қатысуымен Бірлестіктің барлық міндеттемелерін беру туралы ережені қамтиды.
12. 3 Бірлестікті қайта құрумен байланысты барлық процедуралар заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
12. 4 Бірлестікті тарату Бірлестік Мүшелерінің жалпы жиналысының, соттың немесе басқа уәкілетті органның шешімі бойынша заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Бірлестіктің таратудан қалған мүлігін пайдалану туралы шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында тарату комиссиясы жариялайды. Таратудан қалған Бірлестіктің мүлігі кредиторлардың талаптарын қанағаттандырығаннан кейін тек осы Жарғыда қарастырылған мақсаттарға жұмсалуды мүмкін.
12. 5 Бірлестіктің таратуы тындыр- саналады, ал бірлестік тоқталт- өзінің қызметінің кейін енгізудің туралы осы мәліметтердің бизнес-идентификационных нөмірдің ұлттық тізіліміне.